


12005
58874

Жанболат Әлиханұлы
(Аундаев)



Әмірге таңдана
қара!

Жанболат Элиханұлы
(Аудаев)

Әмірге таңдана қара!

“Елорда”
Астана - 2004..

821.512.822-Ч

ББК 84 Қаз 7-44

Ә 54

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Әлиханұлы Ж. (Аупбаев)

Ә 54 Өмірге таңдана қара! (*Фрагменттер*).

– Астана: Елорда, 2004. – 216 бет. + 1 б.т. жапсырма

ISBN 9965-06-355-9

Журналист Ж.Әлиханұлы (Аупбаев) бұл кітабында есімдері бүрын көп айтылмай, жазылмай келген тағдыры қызық, сирек мамандық ислері туралы ой толғайды. Олар – бүкіл ғұмырын бір ғана көсіпке арнап келе жатқан қазақстандық қарт фотограф И.Будневич, XX ғасырдағы ең озық оскари қаруды Талдықорғаның Матай станасындағы депода өмірge көлтірген конструктор М.Калашников, орта ғасырдың атақты жәдігірі монголдың “Құпия шежіре” кітабын ана тілімізге алғаш аударған шетелдік қандасымыз М.Сұлтанғиұлы, Жетісу өніріндегі Есік қорғанынан “Алтын адамды” тапқан атақты археолог К.Ақышев, 1928-1930 жылдары слід күштеп ұжымдастыру кезінде Кенес өкіметіне қарсы шықкан даланың соңғы номады Жақыпберді ноюи мен Тянь-Шаньның ковбойы Мергенбай батыр және басқалар. Оқырмандар бұл кітаптан сондай-ақ, Мөшіұр Жүсіптің үрпағы Қ.Фазылұлы, Біржан салдың немересі М.Теміртасұлы, Таңжарық ақынның қызы С.Тышқанбаева, Шынжаңдағы тұңғыш қазақ фильмі “Хассан-Жәмила” кинолентасындағы басты ролдерді ойнаған Ф.Шәріповა мен А.Түгелбасев жөнінде де тын, тосын жойттарді тауып оқи алады.


Кітап көпшілік қауымға арналған.

Ә 4702250204-284
450(05)-04

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-06-355-9

© Әлиханұлы Ж., 2004
© “Елорда”, 2004



**ӨМІРГЕ
ТАҢДАНА ҚАРА!**

(Фрагменттер)

ОЛ

Алғы сөз немесе кітап авторы туралы бір үзік сыр

Менің алдында әр жылдары жарыққа шыққан сегіз кітап жатыр. Олар: “Мынау ғажап дүние”, “Жанарымда туған жер”, “Оқса тосылған отжүрек”, “Сырымды саған айтамын”, “Таңғажайып тағдырлар”, “Ғұмыр-дария”, “Бізге беймәлім бейнелер”, “Елім менің, ертегі” туындылары. Бұларға сұрыпталып отырып 220-ға жуық ғажап тағдыр иелері туралы портрет, диалог-очерк, эсселер кірген. Кітаптардың аты айтып тұрғандай, олар жай ғана деректемелер емес, керісінше тамсанып: “Алырай, ә, солай екен-ая”, — деп таңданатын немесе: “Біз неғып байқамағанбыз, мынау өзі ғажап дүниелер ғой!”, — деп қызыға оқитын, мол ақпарат беріп, бойына рухани бүлкінис тудыратын дүниелер. Шығармалардың ерекшелігі — автордың өзі емес, факторларды, объектілерді сөйлетіп, өзін тек сол оқиғалардың қуәгері етіп көрсетуі. Бұл творчестволық өнердің тиімді әрі жоғары түрі. Кітаптарда сондай-ақ күнделікті өмірде айтыла бермейтін, сойлем арасында, қалтарыста қалып кететін табиғат ғажайыптары, сұлу пейзаж, жан-жануарлар дүниесінің тылсым сыры да шеберлікпен баяндады. Автор оны тек жай баяндап қоймайды, оған түрткі болған не, оны қайдан, кімнен естіді, сөз арасында міне, соны да нақтылап айтады. Содан соң, оған іздеу салып, анығына жету үшін сапар шегіп, автобус па, пойыз ба, ұшак па, әйтеуір, ілінгеніне мініп, жолдың қиындығына қарамай әрекеттеп жүргендігі байқалады. Әрине, автордан: “Олай ет, былай істе,” — деп ешкім талап етпейді. Бұл творчестволық сиқырлы азап. Әркім өз жолын өзі табады. Жоғарыдағы кітаптардың иесі ізденістің ауыр, бірақ елге әбден қажет осындай жолын ұстаған. Бұл кез келген журналистің, не жазушы, әйтпесе ғалымның қолынан келе бермейтін әрекет. Мәселен, журналист, не ғалым нақты бір мәселе үшін ізденіс салуы мүмкін. Ал, бірақ, үдайы ізденіс үстінде болу, бір ізденістен соң, басқа бір ізденіске түсу бұл бітпейтін азап жол. Оны тек сол іске жан-дүниесімен берілген фанатик адам ғана үстай алады.

Мен өңгіме етіп, кітаптарын санамалап отырған автордың аты-жөні Жанболат Әлиханұлы (Аупбаев). Ол кім? Ол бір кезде алыстағы таулы аудан Нарынқолда дүниеге келіп, кейін Алматыдағы ҚазГУ-дін журналистика факультетін бітіргеннен соң “Лениншіл жас”, “Қазақстан коммунисті”, “Халық кенесі” басылымдарында әқ тер, қок тер бол енбек еткен, қазір “Егемен Қазақстанда” қызмет етіп келе жатқан талантты журналист, жазушы, шаршамай-шалдықпай үдайы ізденісте жүрген, жазғандарын ел іздел өкітын аналитик-зерттеуші.

Мен Жанболатпен қашан, қалай танысқаным есімде жоқ. Сірә, өзінен бұрын газеттегі белгілі бір тақырып бойынша жазған ойлы шығармаларын көріп, оны сол арқылы білдім-ау деймін. Ал, содан соң барып өзімен “Лениншіл жастың” ғылым және мәдениет бөлімінде кездескен сияқтымын. Одан бері де міне, 25 жыл. Сол уақыттан бастап байқағаным — Жанболат озінә катал, жазған дүниелеріне, іс-әрекетіне жоғары талап қойып, ешбір жайбаракаттыққа салынбайтын, бірде-бір артық-кем сөзі жоқ, үдесіне берік сырбаз азamat. Бір қарағанда ол сүйкітау көрінгенімен жақындалап араласа білсең жаны жайсаң, кішіпейіл, әдепті, үлкенге іні, кішіге аға болып жүрген иманды, инабатты жан. Мен өзім редакцияға апарған мақалаларымнан байқаймын, Жанболат қолына түскен материалдарға өте мұқият қарап, автормен санасып, ойын бұзбай, қайта оны ширата түсуге енбектенетін керемет стилист, өте адал журналист. Ол әрбір авторға өте жауапты, әрі мәдениеттілікпен қарайтын, сондай-ақ өзіндік үстарған белсенді өмірлік позициясы бар, оны өзінің болінбес қасиетіне айналдырған, ешкімге өктемдік, менмендік көрсетпейтін, адамгершілік тұғырының биғінен көрініп келе жатқан текті жан. Мұндай қымбат қасиеттері бар адамдарға, казіргі бәрі де саудаға айналып жатқан заманда, адамдар жанталасып, тек өзінің қара басының пайдасын ойлап, ісі түскен кезде: “ағажан”, “кокежан” “менің күнім тек озіңе байланысты, қандай “данышпансың” деп мәймөнкелеп, ал ісін бітіріп алған соң, “сені қайдан көрдім” деп теріс айналатын көленкелер көбейіп келе жатқан кезде, Жанболаттай адамдардың ел арасында бар екеніне риза боласын.

Адамның дүниеге көзқарасы оның сезінен де, ісінен де байқалады. Жанболаттың кім екені жазбаларынан анық көрінеді. Оның мақалаларында лауазымы биік, қолында мүмкіндігі мол адамды дәріппеп, соларға көрініп қалайын, пайдасы тиер деген пендешілік пиғыл жоқ. Керісінше, оның кейіпкерлері қарапайым жандар, тағдыры таңғажайып аль-

пинист, орнитолог, киноактер, үшқыш, археолог, фотограф, қолөнер шебері, суретші, каскадер секілді сирек мамандық иелері. Оны біз автордың “Алакөлде бір құс бар”, “Данабек Антартикан оралды”, “Хантөнірі”, “Ақша қар. Айдала. Атты адам”, “Эверест экспедициясы” “Раритет” сияқты туындыларынан айқын көреміз. Бұл тізімді одан әрі жалғастыrap болсақ, олар, “Гагаринді оқытқан Жақыпбек”, “Кеннедимен кездескен Нұрмахан”, “Потаниннің туысы”, “Есенберлиннің інісі”, “Димаш ағаның дәрігері”, “Қазақтың танкист қыздары”, “Абдель Насер мінген арғымак”, “Диссидент” деп тартымды тақырыптарымен-ақ оқырманды өзіне еліктіріп кете береді.

Антик заманының философы Протагор айтқан екен: “Адам — барлық заттардың өлшемі”, — деп. Әлемде адамды дәріптеу, оның қоғамға, отанға сінірген еңбегін құрметтеу абыройлы іс. Өйткені бәрі де адам ақылымен, қолымен жасалады. Жанболат осыны мықты түсінген. Автор түрлі жағдайдағы кездейсоқ кездесулер арқылы адам тағдырларын көремет ашады. Қажет десе, сол үшін қымбат уақытын аямай жұмсайды. Мәселе, алыс жолда да, кеткен уақытта да емес, сол фактының анығына жетуде. Өйткені әрбір анығына жеткен факт соған кеткен уақыт пен еңбектің құнына тең келеді.

Жанболат Әлиханұлы (Аупбаевтың) журналистік ерекшелігі — өмірде болып жатқан талай шым-шытырық құбылыстардан солардың ерекше бір көріністерін тап басып таңып, көре білуі. Мәселен “Кеннедимен кездескен Нұрмахан” деген очеркінде публицист Нұрмахан Оразбековтің Қарағандыда “Орталық Қазақстан” газетінің бас редакторы болып тұрғанда, жауапкершілікті жеке өз басына алып, екі рет жасаған ғажап ерлігін баяндайды. Бірі ол, елдің тізгіні партия қолында тұрғанда, Қазақстанда шығатын 6 республикалық, 19 облыстық газеттердің ішінде алғаш рет “Барлық елдердің пролетарлары, бірігіндер!” деген өз уақытында әулиедей күші бар үранды бір күнде алып тастағандыры. Оған дызылдап, телефон сокқан обком хатшысына қорықпай: “Бұл үранды сонау 1961 жылы-ақ алып тастау керек еді. Өйткені Н.С.Хрущев сол кезде: Партия дегеніміз — бүкілхалықтық үйым”, — демеп пе еді?! Олай болса қашанға дейін бір ғана пролетариат, бір ғана жұмысшы табы біздің айымыз да, күніміз де болып, басқасы шетқақпай қала береді. Ренжіменіз, біздікі дұрыс”, — деп жауап қайтарғаны. Екіншісі, 1991 жылдың 19 тамызы күні Нұрмахан Оразбеков өзі бас редактор болып отырған “Орталық Қазақстан” газетіне ертенгісін келсе, радио Мәскеуде орын алған

ГКЧП-ны хабарлап жатыр екен. Сонда ол редакция қызметкерлерін жинап алғып, бұл заңсыз әрекет деп бағалап, оған қарсы мақала жазатының айтады да арада екі сағат етпей материалды, жағдайдың жаңып түрган кезінде аяғын қутпей, жазып болып, “Бұл — мемлекеттік төңкеріс” деп оған ат қойып, әлгі мақаланы нөмірге салады. Ол тамыздың 20-ы күні жарық көреді. Осы жағдайды баяндай келіп, Жанболат мынадай түйін айтады: “Бұл журналист Нұрмахан Оразбековтің үлкен ерлігі еди. Ойлап қарайықшы, саяси жағдай үстараның жүзінде деп айтатын қыл үстінде түрганда ертең не боладыны ешкім айта алмай, басшылардың озі әліптің артын баққан күйге түскенде, кенет облыстық газеттің бір редакторы: “Бұл заңсыз әрекет!”, — деп қасқайып шыға келсе, оны ерлік, батырлық демей не дейміз?!” — деп қорытады. Әрине, бұл редактордың бас-көзсіз батырлығы болмаса қерек. Бұл оның біріншіден, қоғам зандалығын жетік білгендігі, екіншіден, кешігүді күтпейтін оқырман талабына, дер кезінде жауап беруі. Редактордың ерлігі барлық жауапкершілікті өз мойнына алып, тағдым салған жүктімойылай, тайсалмай көтеріп, дер кезінде елдің тілегіне сай пікір білдіруі. Жанболат әлгі әрітесінің газеттің беделін көтерудегі әрекетін нық түсінген, оған орынды баға берген.

“Шетелдегі казақ әскерилері” деген мақаласында да автор талай қызықты мәліметтер көлтіреді. Мәселен, XIII ғасырда Мысыр билеушісі атанған сұлтан Бейбарыс Дешті қыпшақ жерінен шыққан біздін алыстағы бабамыз екенін созге тиек ете отырып, талай шет елдерде әскери қызмет атқарған қандастарымызды тауып, олар жөнінде біраз деректер көлтіреді. Солардың бірі 1939 жылы Халхин Гол шайқасы жеңіспен аяқталғаннан кейін, сондағы соғыста ерлік көрсеткен 14 адамға Монгол Халық Республикасының Халық батыры атағы берілгені, оның ішінде екеуі КСРО қолбасшылары Г.К.Жуков пен И.И.Федюнинский болса, енді біреуі біздін сол елдегі қандасымыз Ікей Мизамұлы, ал қалған 11-і монголдар екені, сондай-ақ Монголияның авиация генералы дәрежесіне көтерілген Хамза Ерзінұлы Зайсановты атайды автор. Жанболаттың жоғарыда аталған кітаптарында бұдан басқа да жүздеген оқығалар, турлі жағдайлар, адамдар іс-әрекеттері баяндалады. Айтальық, Қазақстанда белгілі ғалым-биолог болған Кәрім Мыңбаевтың Нью-Йоркта тұратын ұлы Жаффар, “Бірінші Петр” фильміне 1938 жылы түскен Қойлыбай, жазушы әрі киноактер Сәтімжан Санбаев, Балуан Шолақтың немересі Хайролла, Алаш арысы Мұхамеджан Тынышбаевтың Уфада тұратын

ұлы Дәulet сияқты портрет, сұхбаттарда адам тағдырлары мен мінез-қасиеттері, ерекше бейнелері керемет дәлмендәлдікпен сипатталған.

Автордың жоғарыда аталған кітаптарында бұдан басқа да тың, қызықты мағлұматтар жетерлік. Біз мәселен қазақ қыздарынан үшқыш, пулеметші, снайпер, радиист, медбике болып соғысқа қатысқан апа-әпкелерімізді жақсы білеміз. Бірақ, қазақ қыздарынан танкист болды дегенді естімеген едік. Бақсақ, олар да болған екен. Жанболат іздеу салып жүріп, ондай жандардың болғанын да тауып, анықтап, түрлі басылымдарда қылт етіп көрініп қалған фактыларды зерттей жүріп, Ұлы Отан соғысына танкист болып қатысқан төрт қазақ қызының есімін атап, атқарған ерліктерін баяндайды. Олар — Жамал Байтасова, Құлкен Тоқбергенова, Құлжемила Талқанбаева және Жәмила Бейсенбаева болып шықты. Әрине, танкист болып соғысқа қатысу ең ауыр, ер адамдардың да қабылеті жете бермейтін мамандық екені белгілі. Ал ондай істі игеріп, соғысқа қатысқан қазақ қыздары болғаны бұл халқымыздың рухының мықтылығын көрсететін құбылыс.

Жоғарыда айтылғандай, автордың қай кітабын алмайық, онда тұнып тұрган жаңалықтар, кездесік оқигалар, таңғажайып құбылыстар, табиғат құпиялары, жануарлар әлемі, адам тағдыры, бұрын айтылмаған, көзге түспеген жағдайлар... Олардың әрқайсысы Жанболаттың тынбай, ерінбей, шаршамай жүргізген ізденістері, істің ақиқатына жетемін деп төккен тері мен лапылдан жанған, қындықтан қындыққа жетелеген жүрегі, оның азабы мен қуанышы. Әрине, ізденіс әр уақытта сәтті бола бермейді. Мәселен, атақты саяхатшы Г.Н.Потаниннің бүгінгі туысы В.Потанинмен электричкада кездесердің алдында автор мұлде басқа шаруа — Шучье қаласынан онша алыс емес, Казгородок поселкасына барып, сонда тұратын Сейфұлмұліков деген кісінің туыстарын іздең шығады. Ол атақты Мұса Жалилмен Моабит түрмесінде отырған қазақстандық татар еді. “Білмей келіпіз, неміс-фашистері тұтқынында жүріп, оларға қарсы үйим құрған, сөйтіп гестапо гильотинасында басы шабылған 11 бейбақтың бірі екен”, — дейді, мақала иесі. Өкінішке қарай, іздең барған адамы табылмайды. Ол осыдан 15 жыл бұрын Қазанға көшіп кетіпті. Бірақ оның орнына электричкамен қайтып келе жатып, вагон ішінде Г.Н. Потаниннің туысымен танысады. Осылардың бәрі ізденіс, күдік, үміт, жолдар, алға жетелеген творчествоның іссапарлар...

Қолдарыңызға жаңа ғана тиіп отырған “Өмірге таңдана кара!” атты мына кітап та тағдыры таңғажайып адамдар өміріне толы шығарма екенін айтқым келеді сіздерге құрметті оқырман. Мұндағы қуатты да қаһарлы автомат қаруының атасы, конструктор М.Т.Калашников, карт фотограф, республика өмірінің бірден-бір шежірешісі И.Л.Будневич, атақты “Алтын адамды” тапқан археолог К.Ақышев, Қеңес өкіметінің 1928-1932 жылдардағы солақай саясаты кезінде оған қарсы шығып, тоталитарлық темір тәртіптің ноктасына басы сыймаған дала номады Жақыпберді мен Тянь-Шанның ковбойы Мергенбай автор творчествосының сирек тақырыптар сериясын одан әрі байыта түскен соқталы объектілер. Біз бұған куанамыз. Қызығамыз. Сөйтеміз де ризашылықпен қол согамыз.

Сөз соңында мынаны айтпақпын. Мен әңгіме етіп отырған автордың бір басында бірнеше қабілеттік қасиет корініс тапқан. Ол алдымен журналист. Журналист болғанда қандай: шыншыл, еш бүкпесі жоқ, оқиғаны дәлме-дәл айтып, жаза білетін, елдің ойынан шығатын, олардың көнілінде күдік қалдырмайтын, тиянақты журналист. Екіншіден, ол — жазушы. Объектісін жан-жақты суреттеп, кейде өзі емес, сол объектіні классикалық әдеби әдістер арқылы сейлете білетін жазушы. Ушіншіден, ол — ғалым. Оның жазбаларының бері тек ақпараттық бағыттағы материалдар емес, ғылыми ізденістер, әр нәрсенең түбіне жетіп, түйінін табуға тырыстаын, ойын қорытып беретін зерттеуші. Сондықтан автордың жазбалары ғылыми енбекке жақын дүниелер.

Бір кездері мен Жанболатқа айтқан едім: “Кездейсоқтық — ол да өмір зандағы, — деп. Мәселен, орыстарда” момент истины” (шындық сөті) деген үғым бар. Сол шын сөт келгенде, әр адам өзінің кім екенін байқатады. Құнделікті өмірде елеусіз жүрген адам, сын сағаты келгенде, ойламаған жерде ерлік көрсетеді. Ал керісінше, кейбір көзге түсіп жарқ-жүрк етіп жүрген жан, ондай сөтте бұғып қалатын, тіпті сатқындық халғе түсетін пенде болып шығады. Осындай жағдайлардың ішкі зандағы бар. Осы тақырыпты зерттеп ғылыми енбек жазсаң қайтеді?” — деген едім. Одан бері біршама уақыт өтті. Ойланып жүрген шығар деп ойлаймын. Заман ырғағына сай ғылыми дәрежеге үмтыта ма, әлде жоқ па, ол болашақтың мәселесі. Бірақ, автор қоғамда өз орнын тапқан, белсенді өмірлік позицияға ие, қақ-соқпен жұмысы жоқ арлы азamat дегім келеді сөз соңында.

Досмұхамед КІШІБЕКОВ,
ҚР ғылым академиясының академигі.



ҚҰБЫЛАҒА ҚАРА!

1. Нұкте (.)

Біздің түсінігімізде: “Сөйлем басталды ма, демек оны нұктеде аяқтайды”, — деген ұғым бар. Расында да бұл солай ғой. Озіміз білетін қай грамматикалық оқулықты алғып қарамайық, олардағы ережелер бізге осылай деп түсіндіреді және осыған бағынуды талап етеді. Ал енді мына ғажайыпқа қаралызы. Батыс өркениетінің әліпбі латын мен кириллица бізге мөселені жоғарыдағыдай деп түсіндірсе, мұсылман дүниесіндегі араб каллиграфиясы нұктені барша нәрсенің бастауы деп ұқтырады. Өйткені...

Алла тағала жер-дүниені жаратқанда, мынау шексізшетсіз ғаламда ең өуелі нұкте пайда болыпты. Сондықтан да ол дін-мұсылман жұртында тіршіліктің түп тегі саналады.

Қасиетті құран мәтінінің әп дегендеге “Фатиха” сүресімен ашылатыны анық. Міне, сондағы алғашқы: “Биссмилла!— деген сөздің “Б” атты бірінші әрпінде нұкте түр. Демек бұдан құдіретті араб жазуының өзі осы таңбадан бастау алған екен-ау деп ой түюге болады.

Бұл аз десеніз, нұкте ислам философиясы мен классикалық мұсылман поэзиясындағы сүйікті образдардың бірі. Солардың ішіндегі ең әсерлі әрі сәтті теңеулер мазмұнына тоқталар болсақ олар: “Бұл таңба білімге талпынған шәкірттің жолбасы ғұрпы, ал ғұламаның дүние сырын ашар кілті”, — дегенге әкеліп саяды. Неге десеніз, оқушының ақ қағаз бетіне мөлдіреп түскен тырнақалды жазуы нұктені бейнелеуден, ғалымның жаңалық ашуға ұмтылған циркулінің ұшы нұктеге табан тіреуден басталмай ма?

...Сапарлас-жолсерігім, Алматыдағы Нұр-Мұбарақ ислам мәдениеті университетінің қызметкері Әбдісамат Махат пен Сауд Арабиясы Ақпарат министрлігінің жетекші маманы Халид есімді жігіт үшеуміз қасиетті Меккеге келіп кіргенде, неге екенін қайдам, ойыма жоғарыдағы өзіміз сөз еткен “нұкте пәлсафасы” қайта-қайта орала берді. Өйткені, сол кезде маган дүниенің барлық бастауы да, тіні мен

темірқазығы да осы қала, осы шаһар сияқты болып корінді. Себебі... Иә, себебі мұнда Құдайдың құдіретімен Жер бетінде пайда болған түнғыш имарат түр. Алланың адамдарға аспаннан жіберген қасиетті Қара тасы да осында. Бәріміздің түпкі тегіміз Адам ата мен Хая ана бар емес пе? Міне, сол пенделердің жумактан қуылғаннан кейінгі 200 жылдан соң қайта табысқан жері де біз сөз етіп отырған маңайдан онша қашық емес, анау Арафат тауында екен. Ол ол ма, пайғамбарымыз Мұхаммед ғалайіссаламға Алла аян еткен Құран-ның алғашқы үрделері де осы жерге түсіпті. Соңдықтан да арабтар тұпбаба Ыбырайым пайғамбардың табанының ізі бар киелі тас тұрган, атақты зәмзәм суындағы тұнық бұлақ атқылаған осынау қаланы “Макка мүкәрама”, яғни қасиетті Мекке дег атайды. Содан да шығар, жер жүзіндегі мұсылман атаулының намаз кезінде бетін құбылаға қарататыны. Ал құбыла — қасиетті Мекке. Осыдан кейін бұл шаһарды қалайша ислам өмірінің бастау көзі, кіндігі мен өзегі, ең басты нұктесі демессіз?!

— Жүрініздер, әл-Харам мешітіне барайық. Оның әсіресе мынадай ымырт үйірлген кездегі келбетіне көз салсаныздар ғой шіркін... Тіптен керемет-ақ! Мен сіздерге міне, сол ғажайыпты қөрсетейін, — деген Халидтың сөзінен кейін біз екі қабат автомобиль жолының айналма баспаңдақтарымен жоғары көтерілдік. Біраз жүріп отырып зәулім қонақүй тұсынан шыға келгенімізде таң-тамаша болып тұрып қалдық. Ақ мәрмәр төсөлген атшаптырым алан. Сол аланда аппак киім киген адамдар тасқыны қөрінеді. Құрбан айт қарсанындағы қажылыққа келген олардың арасында кімдер жоқ дейсіз. Қара түсті африкалықтар да, қоңырқай өнді индонезиялықтар мен аксары жұзді европалықтар да бар. Олардың бөрінің мұнда бір оймен, бір ниетпен келіп, тәу ете жалбарынып жүргені алтын сәуле шашқан алып мешіт — әл-Харам!

Жолбасшымыз Халид ептеп орысша біледі. Жетпеген жерін арабша оқи да, жаза да алатын Әбдісамат толықтырады. Екеуінің алма-кезек айтқан сөздерінен мен мынаны үқтym: әл-Харамның негізі Ыбырайым пайғамбар мен оның ұлы Ысмайыл қалаған имарраттан бастау алады. Ислам діні пайда болған соң Мұхаммед ғалайіссалам оны Алланың үйіне айналдырған. Тарихи деректерге қарағанда, әу баста өзі онша үлкен де болмаған бұл мінәжат орнын есте жоқ ескі замандағы халиф Омардан бастап одан кейінгі барлық патшалар көздің қарашығында сактауға, күтіп-ұстауға, аумағын көнектүгө күш салып отырған. Десек те әл-Харамның

бүкіл адамзат баласы таңғаларлық бүгінгідей кейіпке ие болуына Саудтар династиясының ерекше еңбек сіңіргенін атап айтқан жөн. Әсіресе ол Фахд бен Әбдел Әзиздің бастаумен қолға алынған 1955, 1959, 1961 және 1975 жылдардағы ұлы құрылышта айқын көрінді. Соның нәтижесінде өзіміз сөз етіп отырған мінәжат орнының аумағы бұрынғы 163 мың шаршы метрден 356 мың шаршы метрге үлгайтылып, мешіттегі ел кіретін есік саны 27-ден 54-ке жеткен. Осы кезеңде әл-Харамның ішкі-сыртқы бөліктеріндегі 492 бағана мен оның бұрыш-бұрышындағы зенгір көкке қарай шаншыла атылған 7 мұнара піл сүйегі түстес ақ және сұр мөрмар тастанмен қапталып, оларды түрлі-түсті жарықтармен сәулелендіруге 71 алып зұмірет шамдал, 5135 неон шам және 174 прожектор орнатылған. Бұларға карттар жүретін 11 жылжыма жол мен 9 мың себезгіні қосыңыздар. Бірнеше кезеңнен түрған осынау ұланғайыр жұмыстың соңы ақыры король Фахд бен Әбдел Әзиздің арнайы тапсырмасы бойынша 1996 жылы сол кездегі тақ мұрагері Абдолла біріншінің әл-Харамдағы қасиетті Қағбаны жуып шығуымен аяқталыпты. Сейтіп ертегінің еліндей келбетке ие болған Алланың ақ үйі жай кезде 773 мың, ал Құрбан айттағы қажылық уақытында бір миллион мінәжат етушіні қабылдайтындей дәрежеге жеткен.

Бір миллион адам! Осыған дейін 80-110 мыңдық футбол жанкуйерлеріне арналған Мәскеудегі “Лужники”, Лондондагы “Уэмбли” мен Мехикодағы “Ацтек” стадиондарын естуіміз бар еді. Ал жоғарыдағыдай 7 орынды сан мөлшеріндегі адам нөпірін сыйдыра алатын сарайды немесе ғибадатхананы біз осы уақытқа дейін ешбір энциклопедия мен анықтамалықтан оқып та, кездестіріп те көрмеппіз. Енде-ше, әлемдегі ең үлкен мінәжат орны осы шығар, сірә. Егер олай болса, бұл дегеніңіз нағыз керемет! Кереметтін кереметі сонда, оған жұмсалған ақша да таңғаларлық деңгейде. әл-Харамды жаңғыруға қанша қаржы кеткен дейсіз ғой. 30 миллиард Сауд риалы! Бұл 11 миллиард АҚШ доллары деген сөз. Ал, керек болса!!!

Естіген деректерімді қойын дәптеріме түсіріп түрғымда, серіктестерімнің мешіт ішіне кіруге шақырған даудистарын естідім. Олардың айтуынша, мұнда келген адам қажылықтың екінші парызын өтеуі тиіс. Біріншісі — белгілі. Ол ихрамға кіру, яғни ақ жамылғыға оранып журу. Бұл міндет мана күндіз, Стамбулдан Жиддаға ұшып келе жатқан жолда жүзеге асқан. Ал мына парыз сол ақ киімімізben осы әл-Харамдағы Қағбаны жеті рет айналып шығу екен. “Биссилла!”— деп енді сол міндетті атқаруға аяқ бастық.

Міне, қарсы алдымызыда аңызда көп айтыла беретін Қара тас түр. Оған төу ету кезіндегі сезімді баяндап жату қыын. Сөзбен түсіндіре алмайсың. Бұл енді әркімнің жеке сенім, нанымына байланысты да дүние болуы мүмкін. Өйткені адамның өз өмірі өзіне белгілі ғой. Құнәсі бар адам бұл жерде қорқақтайды. Ал ешкімге қиянат жасамаған жанның жүзінде жылылық ойнай бастайды. Бірак қалай болғанда да мына алаңда жүрген пенделердің Жаратқан жапбар иеден өзін осы діннің перзенті етіп өмірге әкелгеніне мың тәубе айтары анық. Кешегі атеистік тәрбие мен материалистік таным мектебін көрген біздер: “Жер жүзіндегі бір миллиардқа жуық жанның аузындағы иманы болған, тіпті көпір дейтін Карл Марксты өзінің ізгілігімен баурап алып, Лев Толстойды тазалығымен тәнті еткен, Гете мен Пушкинді мейірімділігімен мойындаған исламның өкілі боп жаратылғанымызға шүкір!”— дедік іштей тебіреніп. Өйткені дүниенің түкпір-түкпірінен жиналған мынау ел, мынау жұрт қарақұрым бол текке сабылып жұр деймісіз. Оларды мұнда алып келген құдіретті бір ұлы күш емес пе?! Иә, нақ солай.

Қарақұрым халық демекші, Қара тастың маңында кімдер жоқ дейсіз. Бәрі бар. Нөпір адамдар тасқынының ішінде жас пен жасамыс та, сау мен сырқат та, қаріп пен қасір де қатар жұр. Олар Жаратушыдан ауруынан арылуды, қасіреттен құтылуды, жасаған жаңсақтығын кешіруді сұрайды. “Перзенттік парыз туган ананды Меккеге апарғанда ғана отеледі”, — деген сөздің шындығына да осы жерде көз жеткізгендейсіз. Өйткені, мұнда кәудіреген көриялар мен ак шашты аналарды қоларбаға салып алып, Құдайдан олардың денінің саулығын тілеп жүрген жандар да аз емес. Бәрі де Қағбаны шыр айналуда, айналып жүріп қасиетті Қара тасты алақандарымен сипап қалуға ұмтылуда. Аңызға қарағанда Жебірейіл періште әкеп орнатқан бұл тас, өү баста аппак екен. Кейін адамдардың құнәлі қолдары тие-тие қарайып кетіпти.

— Анау не? — дедім мен Әбдісаматқа Қағбадагы козіме шалынған қара матаны нұскап.

— Е, ол жамылғы шымылдық қой. Пайғамбарлар мен халифтер заманынан қалған дәстүр бұл. Сол салт осы күнге дейін жалғасып келеді. Құрбан айт тұсында жыл сайын жаңартылып тұратын ерекшелігі де бар. Оны мына Халидтен сұрайық,— деді әріптесім.

Екеуінің айтқандарынан үққаным — қара жібек шымылдық алаң ортасындағы биіктігі 13 метрлік текше тасты

көмкере жауып түрады еken. Оған 16 фрагменттен тұратын Құран аяттары арабтың “Сульсом” каллиграфиясымен жазылатын болып шықты. Әр әріпті алтын, күміс жіптермен әдіптең тігү оңай шаруа емес сияқты. Сондықтан бұл істі бастау, оны аяғына дейін алып шығу соған арнайы түрде машықтанған бір әuletке ғана жүктеліп, олар оны үрпақтан-үрпаққа аманаттап келеді еken. Өте жоғары сапалы талшықтардан тоқылған жібек шымылдық пен оны алтын, күміс жазулармен айшықтаپ, төнірегін әдіптең зерлеу арзанға да түспейтін шаруа болып шықты. Кейін Мина қалашығындағы журналистерге үlestірілген баспасөз релизиңен оқып карасам, Қағбаны жауып тұратын жаңағы шымылдық-жамылғының құны 17 миллион Сауд риалына тең еken.

Әл-Харам мешіті туралы сөз қозғағанда оның ішіндегі ғажайып құбылыс — Зәмзәм бұлағы туралы да айтпай кетпеуге болмайды. Қағбадағы рәсімнен соң Матафа алаңындағы басқышпен жер астына түсіп, сол қасиетті тұманы да кордік. Оның шығу тарихы туралы ежелгі араб азызына құлак түре отырып, шипалы суды мейірлене іштік. Миф былай дейді. Тұpbaba Ыбырайым пайғамбардың әйелі Сара құндысі Ажарға жантаптырмапты. Ажар кішкентай ұлы Ысмайылды алып, құм-шағылдардың арасындағы бір оазиске кетуге мәжбүр болыпты. Арафат тауының маңына келгенде бұлар аштық пен шөлден әбден әлсірейді. Баласының олім халіне жеткенін сезген ана ондай қайғылы сәтті көргенше көзім шықсын деп Ысмайылға қайырылып қарамаған күйі бел асып кетеді. Шешесінің өзін тастап бара жатқанына ызаланған бала бар күшімен жерді теуіп-теуіп қалып, долдана жылайды. Сол сәтте оның табанының астындағы шағыл құмнан ғаламат су бүрқағы көкке қарай атқақтап коя бермесін бе?! Ұлын қимаған ана біраздан кейін қайта оралып келсе, мөлдір суға шөлін қандырган Ысмайыл жүзі нұрлана, маужырай үйықтап кетіпті дейді. Қасында — кәүсар бүрқақ. Міне, көкке шапшыған сол жерасты сүы ол осы казіргі Зәмзәм тұмасы еken. Мына кереметке қараныз. Бұлак содан бері сарқылмай, құрғап қалмай бүгінгі күнге жеткен. Рас, ол хижраның 223 және 234 жылдары түсініксіз бір себептермен уақытша тоқтап қалыпты. Ал одан кейін бұл жерде ондай кінәрат байқалмаған.

Мекке... Жүре берсен, көре берсен бұл шаһардың қыры да, сыры да көп сияқты. Теніз деңгейінен 330 метр биіктікте орналасқан, арабтардың өздері кейде “умм-әл-кура” — қалалардың анасы деп айтатын қасиетті жердің әр тасы тұнған тарих секілді әсер қалдырады адамға. Саусағынмен тұртіп

қалсаң сөйлейін деп түр. Шаһардың бар болмыс-бітімін, өн бойын аңыз бер ақиқат астаса ұстап тұргандай. Алғашқы күннің алғашқы сағаттарында қоңлімізге түйген ой міне, осы болды. Ал келер күнгі әсер ол басқа әңгіме.

2. Үтір (,)

Қазір ойлап отырсам біздің Мекке маңындағы Арафат тауы мен Мина жазығында откен үш күніміз бейне бір ұзақ сөйлемнің арасына қойылған үтірді көзге елестеткендей. “Неге?” — дейсіздер фой. Үтір атты пунктуациялық белгі күрмалас сөйлемдердегі бірін-бірі кимелей алға үмтүлған сездердің сөл де болса демін басып, оларға тыныс беру, сол арқылы айттар ойды жинақтап, пікірлерді түйіп тастанап отыру үшін қойылмаушы ма еді. Мұнда да міне, дәл солай, яғни алғашқы күндердегі қат-қабат қарбалас жүріс сияқты емес, сөл-пөл үзіліс жасап, тыныс алатындан жағдайлар болды. Бізге керегі де осы еді.

Әлемнің әр түкпірінен келген 69 журналист Арафат анғарына барып Құдайдан тілек тілеу, Мина жазығына түсіп шайтанға тас лактыру секілді рәсімдерді жасаған соң өзіміз жатқан лагерьге келеміз. Келеміз де баспасөз орталығын төніректейміз. Өйткені ондағы мен мұндалап тұрган компьютер экрандарындағы интернет жаңалықтарымен танысу керек, үйіліп жатқан газет-журналдардан ақпарат жинау қажет.

Бізге бөлінген шатырда ТМД елдерінен келген 6 адам бірге жатамыз. Олар — Азербайжан Фылым академиясының академигі Зияд Самед-заде, Өзбекстан ақпарат агенттігі бас директорының орынбасары Садырлы Хакимов, осы ел сыртқы істер министрлігінің бөлім менгерушісі Жәмшиит Мұтәлов, Түркіменстанның “Адалат” газетінің бас редакторы Хұдайберді Курбандурдыев және Қазақстаннан келген Нұр-Мұбәрак атындағы Египет ислам мәдениеті университетінің қызметкері Әбдісамат Махат пен мен. Бөрі де ашық жарқын, жақсы адамдар. Содан болар, автобусқа мінсек ше, шатыр ішінде шай ішіп отырсақ та олармен әңгімеміз бір таусылмайды. Сондағы бәріміздің айтатынымыз — соңғы он жыл ішіндегі есептіктердің барып ес жия бастаған елдеріміздің жағдайы. Назарымыздан сондай-ақ Құрбан айтқа байланысты жыл сайын осы Меккеге қажылықта келіп жататын отандастарымыз датыс қалмайды. Әріптестерімің сөз ыңғайына қарағанда соңғы кездері бұл үрдіс өз елдерінде ерекше

бел алып келеді екен. Мәселен, биыл қажылыққа Өзбекстаннан 4004, Азербайжаннан 1238, Түркіменстаннан 200 адам келіпти.

— Ал сіздерден ше? — дейді Зияд Самед-заде маған.

Мен: “500 адам”, — деп Алматыдан үшарда өз құлағыммен естіп, өз көзіммен оқып кеткен соңғы деректі айттым. Өйткені 15 ақпанның кешіндегі “Хабар” агенттігі, ал ертеңіндегі біздің газет Діни басқармамыздың баспасөз қызметі берген осындай деректі елге жария еткен еді. Бірак, қайтып келгеннен соң білдім, кейін бұл цифр өзгеріпті. Қазақстаннан қажылыққа 500 емес, 177 адам ғана барыпты. “Неге?” — деген саяулға Бас мұфти Әбсаттар қажы Дербісөлінің 22 наурыз күнгі біздің газет тілшісімен болған “Қажылық — жауапты сапар” атты сұхбаты толық жауап бере аладығой деп ойлаймын.

Әңгіме-дукеннің ара-арасында осы елде шығатын газет-журналдарға үнілетініміз бар. Араб тіліндегі бұл басылымдар материалдарын бізге аударып, айтып беретін Әбдісамат бауырымыз. Ал ағылшыншасын өзбек Жәмшиит айналдырады. Соның арқасында көптеген жаңалықтарға қанығып: “Біздің оқырмандарға осы деректер керек-ау”, — деп біраз тың да сирек мәліметтерді мысқалдап жинап алып келген жайымыз бар. Оқиғаны құр сөзбен баяндай бермей енді сіздерді сол нақты фактілермен таныстырайық.

“Меккеге жыл сайын әлемнің 120-дан астам елінен қажылыққа келу қалыпты жағдайға айналған, — деп жазыпты Сауд Арабиясы Ақпарат министрлігі шығарған “Міндетіміз — Алланың қонақтарына қызмет ету” деген бюллетенінде.

— Од елдер мыналар: 1. Біріккен Араб Әмірияті. 2. Бахрейн. 3. Кувейт. 4. Катар. 5. Оман. 6. Йордания. 7. Сирия. 8. Ирак. 9. Палестина. 10. Ливан. 11. Йемен. 12. Тунис. 13. Алжир. 14. Египет. 15. Ливия. 16. Марокко. 17. Джибути. 18. Судан. 19. Сомали. 20. Мавритания. 21. Ауғанстан. 22. Индонезия. 23. Иран. 24. Пәкстан. 25. Бангладеш. 26. Үндістан. 27. Бруней. 28. Бирма. 29. Тайланд. 30. Түркия. 31. Мальдивы. 32. Сингапур. 33. Шри Ланка. 34. Қытай. 35. Тайвань. 36. ТМД елдері. 37. Филиппины. 38. Камбоджа. 39. Жапония. 40. Оңтүстік Корея. 41. Малайзия. 42. Вьетнам. 43. Непал. 44. Гонконг. 45. Эфиопия. 46. Уганда. 47. Ботсвана. 48. Бурунди. 49. Чад. 50. ОАР. 51. Танзания. 52. Того. 53. Габон. 54. Камор аралдары. 55. Бенин. 56. Руанда. 57. Зимбабве. 58. Заир. 59. Замбия. 60. Кот-д'Ивуар. 61. Сенегал. 62. Съєрра Леоне. 63. Гана. 64. Гвинея. 65. Гвинея Бисау. 66. Экваториальдық Гвинея. 67. Буркина Фасо. 68. Камерун. 69. Конго. 70. Кения.

71. Лесото. 72. Либерия. 73. Мали. 74. Мадагаскар. 75. Мавритания. 76. Мавритания. 77. Мозамбик. 78. Нигерия. 79. Нигер. 80. Орталық Африка. 81. Испания. 82. Германия. 83. Ирландия. 84. Италия. 85. Британия. 86. Португалия. 87. Дания. 88. Бельгия. 89. Швеция. 90. Швейцария. 91. Франция. 92. Финляндия. 93. Голландия. 94. Югославия. 95. Греция. 96. Норвегия. 97. Австрия. 98. Болгария. 99. Чехословакия. 100. АҚШ. 101. Канада. 102. Колумбия. 103. Бразилия. 104. Тринидад. 105. Парагвай. 106. Ямайка. 107. Гаяна. 108. Гренада. 109. Венесуэла. 110. Барбадос. 111. Панама. 112. Гаити. 113. Мексика. 114. Суринам. 115. Аргентина. 116. Белиз. 117. Австралия. 118. Фиджи аралдары. 119. Жаңа Зеландия. 120. Эретирия. 121. Біріккен Ұлттар Ұйымының төлқұжатымен қажылыққа келген өзге де елдердің адамдары”.

Біз бұл тізімді құрметті оқырман мақаламызға әдейі толық беріп отырымыз. Ондағы ойымыз — сіздерді миллиардқа жуық діндестеріміздің дүние жүзінің қай елдерінде тұратындығынан, мұсылман дүниесі ауқымының жалпы қандай деңгейде екенінен хабардар ету. Өздерініз көріп, байқап отырған шығарсыздар, аз жұрт, аз ел емес сияқтымыз.

Ағылшын тілінде шыққан “This is OUR Country” деген тағы бір бюллетеньде сондай-ақ Меккеге қажылыққа келгендердің соңғы 75 жыл ішіндегі кестесі де жарияланған. Деректер өтे қызығылбысты. Мәселен Алланың ақ үйіне тәу етіп келушілердің саны 1925 жылы 90 мың 662 екен. 1949 жылы бұл цифр 107 мың 653, 1954 жылы 232 мың 971, 1966 жылы 316 мың 226 адам болған. Содан кейінгі 1971 жылы мінәжат етушілер 645 мың 183 болса, 1983 жылы 1 миллион 3911-ге, ал 2000 жылы 1 миллион 267 мың 555-ке жетіпти. Бұл жерде мына бір жәйтті мықтап ескеру керек. Ол — жоғарыдағы сандарға Құрбан айт күндері Меккеге құлышылыққа келген саудықтардың өздері мен экспатрианттардың, сондай-ақ іргелес мемлекеттерден өз аяғымен былайша келіп жеткен жандардың кірмейтіндігі. “Олардың саны таза визага ие жоғарыдағы адамдар мөлшерімен шамалас болып жұр”, — деп жазылған кестенің соңындағы ес-керпdede.

“Ал, биыл ше? Осы күндері, дәл қазіргі сәтте біз қанша миллион адамның ортасында жұр екенбіз?” — дейміз іштей жоғарыдағы мәліметтерді қарап отырып. Қоپ кешікпей оған да жауап табылды. Арабтың “әл-Жазира” телекомпаниясына қарасты жаңалықтарды тарату арнасы 22 акпан күні: “Құрбан айт қарсаңындағы соңғы екі аптаның ішінде Мекке мен оның маңындағы Арафат, Мұздалифа және Минаға 1 мил-

лион 400 мындаі адам келіп жайғасты”, — деген деректі айтып қалды. Оған жоғарыдағы ескертуде айтылғандай, жергілікті саудтықтар мен көрші елдерден әйтеуір ретін тауып жеткен миллионға жуық жанкешті жолаушыларды қосыңыз. Сонда жалпы санның 2,5 миллионға жуықтап қала-ры анық. Аз емес.

Біз үшін сол күндері арабтың “Ан-Надуа”, “Әл-Йаули” газеттеріне шыққан: “Жоғары мәртебелі король құрбандық шалуға жағдайы келмейтін кембағал жандарға деп оларға 100 мың бас малды жәрдем ретінде тегін берді”, — деген хабар да ерекше көңіл аудараптық жәйт еді. Ел иесінің осы ізгілігіне ерекше риза бола отырып біз Ақпарат министрлігі қызметкерлерінен құрбан шалудың жай-жапсарын сұрадық. Өйткені Меккеге қажылыққа келген адамның ихрамға кіру, Қағбаны жеті рет айналып шығу, Арафат тауына барып Құдайдан тілек тілеу, Мина жазығындағы шайтан сұлба-сына тас ату секілді шарттарды орындаудан басқа тағы бір міндет осы құрбан шалу (егер шамасы келсе) еді.

— Ол онай, — деді Мұзффар есімді жетекшіміз.

— Мына Мина жазығының шетінде үлкен мал базары мен қасапхана бар. Құрбанға ниет ететін адамдар болса, бір жер-ге жиналсын. Автобуспен алып барып қайтайық.

Барған соң көрдік, бұл өзі Құрбан айт кезіндегі жоға-рыдағы шараға арнап әдейі жасалған алып кешен екен. Мұнда 120 мың бас қойды бір күндік жем-шөбімен күтіп-бағатын қора, айтың алғашқы үш күні ішінде 500 мыңға дейін мал соя алатын үлкен конвейерлі цех бар болып шықты. Құрбан шалғыңыз келе ме, осы жердегі анау кассаға барып 350 риал төлейсіз. Ондағы адам сізге: “Осы ақшаға сатып алған ма-лыңыз бүгін кешке, немесе ертең түсke дейін сойылады”, — деген мазмұндағы жазуы бар қатырма қағаз-квитанция береді. Бітті. Меккедегі құрбандық шалу дегеніміз міне, осы.

Біз де солай істедік. Кассаға келіп ақшамызды төлеп, конілдегі шаруамызды демдегеннен кейін жолбасшымыздан: “Бұл малдардың етін не істейсіздер, олар нендей мақсатқа жұмсалады?” — деп сұрадық. “Қаріп-қасірлерге таратыла-ды, дүние жүзіндегі ашаршылыққа ұшыраған, соғыс, зілзала секілді апаттардан зардап шеккен мұсылман елдеріне жіберіледі”, — деді ол.

— Құрбан айт күндері шамамен мұнда қанша бас мал сойылады?

— Ол енді ниет етушілерге байланысты нәрсе. Откен жылдарғы көрсеткіштерге қарағанда құрбандыққа бұл жер-де күніне 110-120 мың қой шалынып отырған. Жалпы

корсеткіштерді мына кестеден табасыздар, — деп жолбасшымыз бізге осы қасапхана өкімшілігі шыгарған шағын кітапшаны үлестіре бастады. Қарап тұрмыз, 1999 жылғы үш күндік Құрбан айтта мұнда барлығы 469 мың 150 бас мал сойылса, 2000 жылы ол 415 мың 369 болыпты. Ал 2001 жылы 617 мың 671-ге жетіпті. Бұлардың дені Албания, Бангладеш, Босния, Сенегал сияқты 27 мұсылман еліне жіберіліп, қалғандары осындағы кембағалдарға таратылған.

...Қайтар жолда күн ысын кетті. “Бүгін қанша градус?” — дейміз Мұзаффардан. “32 градус”, — дейді ол. Иә, акпанды 32 градус. Ал шілдеде ше? 50-ден төмен түспейтін шыгар, сірә. Сонда қайтып жұмыс істеп, қалай өмір сүреді бұлар? Суга шомылатын колі, ну орманы болса бір сәрі.

Су демекші Сауд Арабиясының жерінде бірде-бір озен не кол жоқ. Бірақ соған қарамастан бұл елдің одан тарығып жатқаны тағы байқалмайды. Сойтсек, ол байлықты да жамбастарының астына басып жатыр екен. Олай дейтініміз, жерінің үсті жүдеу де жұтаң көрінетін Саудияның қызыл керіш шоқылары мен ақшағыл құмдарының қойнауында өлемді шулатқан атақты 40 миллиард тонна мұнайынан басқа, оте мол жер асты сулары да бар болып шықты. Ал бұл байлық емей немене? Әйтеүір Құдай берген жер!

3. Леп (!)

Леп (!) белгісі... “Оған не тән?”— деп ойлар едіңіздер. Қуанышты оқиға, әдемі өсер, көтеріңкі қоңіл-күй емес пе? Иә. Бұл айырым белгісі сөйлемге міне, осындаі жағдайда қойылатыны анық. Мұны тілге тиек етіп отырғаным, мәселең, біздің Меккеден бергі Жиддаға қалай жеткеніміз жақсы есімізде. Онда мың-миллион адам арасындағы қыбыр-қыбыр қимылдан қажыған әріптестерім автобуста қалғып-шұлғып әзер жеткен болатын. Неше күнгі қоян аяғын жеген көкбалақ жүрістен әбден шаршап-шалдыққандық шыгар, Жиддаға келгенде тіпті ешқайсымыздың да сыртқа шығуға зауқымыз соқпай қалған. Ал енді қазір ондай емес сияқтымыз. Әр машинаға үш-төрттен бөлініп мінген сапарластарымның қоңілдері көтеріңкі. Өнімізде кешегідей қалжырау жоқ, қимылымыз ширак, көзімізде от бар. Тонірекке енжар, мен-зен халде емес, ерекше бір інкәрлік, құштарлық сезіммен қараймыз. Бұл не күш, не куат сонда? Оны өзіміз де білмейміз. Тоқ етерін айтқанда, қазіргі жағ-

дайымыз сол ол леп белгісі қойылатын сөйлемді көзге елестеткендей.

Осындай көңіл-күймен біз Медине қаласын бетке алып келеміз. Біз деп отырғаным — Каирдегі “Akhbar El Yom” агенттігінің шеф редакторы Бадр Ел дин Адһам мен өзіміздің Нұр-Мұбарақ Египет ислам мәдениеті университетінің қызметкері Әбдісамат Махат және мен. Шетелдік әріптесім кеудемізге таққан акредиттік карточкаға қарап: “Казахстан..., Казахстан...”— дейді де үнсіз қалады. Сойтеді де: “Алмату..., Астана”, — деп дұрыс айттым ба дегендей бетімізге жалтақтай карайды. Өз кезегінде біз де сіздің еліңізді білеміз дегендей: “Каир.., Александрия, Асуан”, — дейміз. Сейтеміз де оған: “Гамаль Абдель Насер, Юсеф эс-Сибай”, — деген олардың көсемдері мен жазушыларының аттарын қосып қоямыз. Бұған ол: “Уау, уау!” — деп басын шүлғи мәз болады. Осындай “оыйн жолынан” кейін Әбдісамат сейлеп кеп берсін арабша. “О-о!” — деп есі қалмай қуанып кетті қөршіміз. Содан қойшы, өстіп отырып мұнарасы биік Медине шаһарына да жақындасты.

Медине!

Бұл 622 жылы Мұхаммед ғалайіссаламның басына қыын-қыстау күн туғанда пана болып, оған қолдау көрсеткен жер.

Осы жерде қасиетті Құран тұңғыш рет жазылып, құрас-тырылып, бірінші рет дүние жүзінің озге елдеріне тарай бастаған.

Мұнда Алланың елшісі 632 жылы көз жұмып, содан бері мәңгілікке дамылдап жатыр.

Мұсылман әлеміндегі жүздеген мың мешіттің ішіндегі ең үлкені Меккедегі әл-Харам десек, одан кейінгі екінші орын алатын әл-Муннавар осы Медине шаһарында.

Қаладағы осындай киелі орындарды коріп, танысады олардың қайсысынан бастаған жөн? “Әлбетте, алдымен пайғамбарға сөлем беріп шығайық. Солай еткеніміз ләзім”, — деп шештік бәріміз. Сойттік те әл-Муннаварға қарай бет алдық. Қоріп келеміз, мешіттің айналасы аппақ мәрмәр. Ертегіде көп айтылатын пілдің сүр сүйегінен қашап жасаған ақшанқан қалашыққа кіріп кеткендейміз. Сыртта 32 градус ыстық болса да ішті сандаған кондиционерлер салқыннатып, қоныржай температураны ұстап тұр. Пайғамбардың қабірі мешіттің ішіндегі мешіт сияқты әсер қалдырыды бізге. Қабырғасына неше түрлі салауат сөздер жазылған оның төнірегі алтындалған тормен қоршалып қойылыпты. Оны қауіпсіздік қызметкерлері құндыз-тұні кірпік

қақпай күзетіп тұрады екен. Жақындағанда бергенде бәріміз үнсіз қалдық. Тыныштықтың тымықтығы сондай, құлағымызға тек дүрс-дүрс соққан өз жүргіміздің дыбысы ғана естіледі. Коз бұлдырап, тізе де дірлідеген сияқты. Осының бәрі әлемдегі N1 ең ұлы адамның мысы шығар, сірә. Иә, N1 ұлы адамның! Осылай деп оны өзіміз емес, өзге діндегілер айтқан. Қалай дейсіздер ғой?

Откен ғасырдың жетпісінші жылдарының ортасында АҚШ ғалымдары адамзат тарихындағы өзінің халыққа әкелген сенімі, елді басқару ерекшелігі мен сол елге тигізген пайдасы, өз жеке басының ұлылығы жөніндегі адамдардың орнын анықтау үшін компьютерлік сараптама жүргізген. Дәйектемелер жиынтығы ақылды аппарат — миң машинаға салынғанда, оның экранына: “N1 ұлы адам — Мұхаммед!” — деген жазу жарқ етіп шыға келген. Және бір емес, бірнеше рет! Компьютерге коррупция жүрмесі белгілі. Қате де кетпейді. “Демек бұл — құдірет!” — деген шешімге келген сонда ғалымдар. Иә, құдірет. Осы сараптаманың негізінде америкалық қаламгер Майл X.Харт 1978 жылы “Тарихтағы ең ықпалды жұз адамның тізімі” атты кітап жазған. Соның алғашқы беті Мұхаммед пайғамбар туралы макаламен ашылады. Ал одан кейінгі екінші орынды Мұса, үшінші орынды Иса пайғамбарлар иемденген.

...Міне, қазір біз сол киелі, құдіретті тұлғаның зираты жаңынан отіп барамыз. Білетіндер мұнда тағы да екі адам жерленген дейді. Олар пайғамбарымыздың адал досы, ізбасары және әңгімешісі Әбу Бәкір Сыдық пен жүрек жұтқан жауынгері әрі әскербасысы Омар ибн ал-Хаттаб екен. Алланың елшісіне тағзым етіп, сәлем бергеннен кейін бұл аруактарға да басымызды иіп, сыртқа шықтық.

Осыдан кейін әл-Муннавар мешітінің төңірегін арапап көре бастадық. Негізі 622 жылы Мұхаммед пайғамбардың Мединеге келуіне байланысты бой көтерген бұл мінәжат орны содан бергі 14 ғасырға жуық уақыт ішінде барынша күтіп ұсталынып, кеңейтіле отырып бүгінге жеткен. Оған деген қамқорлық әсіресе король Фаҳд бен Әбдел Әзиздің тұсында ерекше байқалған. Әзін: “Арабияда екі үлкен қасиетті орын бар. Ол — Меккедегі әл-Харам мен Мединедегі әл-Муннавар. Мен міне, осы қос киенің шырақшысымын”, — деп үққан король пайғамбар салдырған бұл мешітті жөндеуді 40 жылдан астам уақыт бойы назарынан тыс қалдырмады. Соның нәтижесінде ғимараттың бұрыш-бұрышындағы бұрынғы 72 метрлік 4 мұнараға қоса тағы да биіктігі 104 метрлік 4 мұнара қосылған. Ал әрқайсысының салмағы 80

тонналық 27 күмбездің мешіт төбесінде бірде ашылып, бірде жабылып тұруы бұл өзі текtes құрылыштарда мұлдем кездеспейтін құбылыс. Сондай-ақ мұндағы 81 айшықты есік, 56 эскалатор, 302 прожектор, 2 мың себезгі ұзақ жылғы қайта жөндеу кезінде пайда болған жаңалықтар. 1951 жылы басталған құрылыш бірнеше кезеңге болініп атқарыла отырып, 1994 жылы аяқталған. Соның арқасында мешіт ауданы 165 мың шаршы метрге жетіп, бұрынғы 58 мың адамның орнына енді 700 мың адамның бір мезгілде тұрып намаз оқитыныңдай деңгейге жеткен. **Жоғарыдағы жұмыстардың** бәріне тұра Меккедегі әл-Харам сияқты 11 миллиард доллар қаржы жұмсалыпты. Артына осындай ғажап рухани орталықты жасантып, жайнатып қалдырып кеткен Фахд бен Әбдел Әзизге елі дән риза. Сондықтан да оны әрдайым құрметпен еске алып, портретін аландар мен мемекеме мәндайшаларынан түсірмейді екен.

Пайғамбар мешітінен кейінгі баратын жеріміз Құран шығаратын баспахрананы аралап көру болатын. Бірақ оған үлгере алмадық. Бастап аппаратын адам кешігүімізге байланысты басқа топпен кетіп қалыпты. Сондықтан да біз бұл алып полиграфия кешені жөнінде әл-Дар Иман қонақ үйіндегі баспасөз орталығы берген ақпараттық релизben шектелдік, танысып отырмыз. Аталмыш баспахрананың дүниеге келгеніне 17 жыл болыпты. Содан бері ол Құраннан бастап неше түрлі діни анықтамалық, сөздік, мешіт сыныптарына арналған оқулықтарды қосып есептегендеге 170 миллион кітап шығарыпты. Демек, бұл кешеннің өндірістік қуаты жылына 10 миллион кітап басуға еркін жетеді деген сөз. Аз жұмыс емес.

Сөз ретінен қарай айта кетелік, осы баспасөз релизінде мынадай бір қызық дерек бар. “Баспахана кешені, — деп басталады сойлем,— өзі өмірге келген 1985 жылдан бері Қасиетті Кітапты қытай, түрік, урду, ағылшын, француз, хаус, тай, пушту, бурхан, албан, индонезий, багал, тамиль, сомали, қазак (кириллица әрпімен), угор, парсы, кашмир, македон, корей, грек, юрпа, анко, борми, зұлдыс тілдерінде басып шығарды”. Байқаған шығарсыздар, құрметті оқырман, Құран дәл осы баспахранада бізден басқа Орта Азия мен Кавказ, жалпы ТМД-дағы мұсылман елдерінде әлі басылып шыққан. Ал қазак тілінде Мединеде жарық қөрген. Бұл — жетістік, табыс. Мұны қадірменді қариямыз Халифа Алтай ақсақалдың енбегі деп атап айтқан жөн.

Құран баспахранасы кешенніне бара алмағанымыздың есесін арабтар бізді қала іргесіндегі Ухуд тауына апарумен

қайтарғандай болды. Біле білген адамға бұл да қасиетті тарихи орын екен. 625 жылы Мұхаммед пайғамбар Меккедегі өзін құдалаған дүшпандар енді Мединеге қол жиып келе жатыр деген хабарды естиді де оларды осы жерде қарсы алуға бел буады. Шолғыншылар жаудың атты әскері бар деген хабар жібереді. Оны естіген мединеліктер қорғаныс шебінің алдынан бірнеше шақырымдық ор қазады. Бірақ қанша дайындалғанымен мұсылмандар сол жолы жеңіліске үшіраған. Осы шайқаста пайғамбарымыздың өзі жараланып, немере ағасы Хамза қаза тапқан. Ұрыста көз жұмған шаһидтер зираты таудың жазық бір тұсында бетон қабырғалармен қоршаулы тұр. Бірақ оған кірер қақпада немесе жол үстінде ешқандай жазу не белгі көрінбейді.

... Қайтып келеміз. Күні бойғы жүрістен шаршаган Әбдісамат маужырай үйіктап кетті. Машина ішінде тымтырыс тыныштық орнаған. Бір мезетте мысырлық әріптесім Бадр Ел дин Адһам: “Жумблат, а, Жумблат”, — деді. (Онын: “Жумблат”, — деп отырғаны мен. Өйткені, бұларда осындағы ат бар. Мәселен — Камал Жумблат. 1972 жылғы халықаралық Лениндік сыйлықтың лауреаты, бейбітшілікті жактаушы қайраткер). “О не? — деймін қазақша оған. “Хун... Даشتы хипшаш... Қазаһия”, — деп былдырлайды ол. Байқаймын, біздің елдің тарихын білетінін, соны айтқысы келетінін сездіргісі бар. Ішім жылып кетті. “Иә, иә, — дедім мен оның сөзін құптаң. — Дұрыс айтасын. Коне карталарда Дешті Қыпшақ, Қазакия деген атаулар бар. Сол, міне, біз боламыз”. Сөйттім де: “Бейбарыс, — дедім. — Сұлтан өззанир Бейбарыс... Сен оны білесің бе?” Әріптесім біраз ойланып қалды. Сойтті де: “Мәмлүк...” — деді қателескен жоқпын ба дегендей ақырын ғана. “Иә, иә, мәмлүк Бейбарыс! Ол мына менің бабам. Қазақ!” — деймін қеудемді тұртіп көрсетіп. “Уау, уау, — деп мәз болды ол да бір уақытта. — Мәмлүк Бейбарыс... Хипшаш... Даشتы хипшаш! Иа, иа...”.

Ол екеуміз міне, осылайша біраз “сойлестік”. Ақыры шаршап, ымдау тұрғысындағы бұл “әңгімемізді” де дөғардық. Ендігі ермегіміз түн ішіндегі төнірекке үнсіз көз салу. Рөлде отырған араб жігітінде де дыбыс жоқ. Басындағы Арафат атасының шатыраш орамалы сияқты шалмасы желпіжелп етіп, “Джип” жылдамдығын 130-дан түсірмей ағызып келеді. Бір белестен соң... бір белес. Жеткізер емес шегіне!

... Ақыры түн ортасына таман Жидданың жымындаған оттары да көрінді-ay!..